

Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі Байқаушы кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 14 қазан N 2520. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067 жарлығымен.

Жұртшылықтың өтінішін ескере келіп және демократиялық процесстерді тереңдету, Қазақстан Республикасының азаматтарын елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірі туралы объективті тұрғыдан хабардар етіп отыру, азаматтардың сөз бостандығына деген конституциялық құқығын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 1-тармағының 20-тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі Байқаушы кеңес құрылсын.

2. Аталған Байқаушы кеңес:

1) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады;

2) бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей байланысы жоқ

мейлінше танымал, беделді әрі әділ қоғам қайраткерлерінен құрылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімнің ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына аталған Байқаушы Кеңес туралы Ережені ұсынсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК